



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

стран). Для нас критически важен доступ к мировым рынкам как для экспорта, так и импорта. Мы должны понимать, что если у нас не будет ЕЭП (Единого экономического пространства), то возникнут проблемы как в реализации, так и в транзите наших товаров. Можно предоставить очень хороший пример. В конце 90-х гг. квота на экспорт нефти через российскую систему трубопроводов (КТП) была 3,5 млн. т, сегодня экспортируем более 70 млн. т.7

Преимущества и выгоды Казахстана в составе ЕЭС (Евразийского Экономического Союза) очевидны:

– более упрощенный вариант транзита и продажи наших основных товаров (нефти, сырья, зерна и пр.) основным потребителям – ЕС (Европейскому Союзу), России, странам Востока;
– по условиям создания и ведения бизнеса Казахстан более привлекателен для иностранных и союзных инвесторов. Целый ряд российских и белорусских предприятий открыли свои филиалы в Казахстане. Российские бизнесмены заинтересованы в Казахстане как в потребителе промышленных товаров (машин, оборудования) и как в крупном поставщике сырья.

В макроэкономическом плане от ЕАЭС в выигрыше крупные промышленные предприятия в нефтегазовой, горнодобывающей, металлургической, химической и др. стратегических отраслях страны, формирующих основу нашего бюджетного благополучия. Российский бизнес нуждается в нас как в потребителях промышленных товаров. Это видно по структуре нашего товарооборота. Почти 40 процентов всего машиностроительного экспорта России (2015 г.) поступает в Казахстан. В условиях нарастающей конкуренции на мировом рынке объективно взаимная интеграция должна крепнуть, тем более, когда пресс экономических санкций со стороны США и Запада давит на экономику России.

В заключении можно добавить слова Н.А.Назарбаева: Евразийский экономический союз – это общий рынок. Он будет принципиально новым объединением XXI века, работающим на принципах равноправия, взаимной выгоды и учета интересов всех его участников».

Список использованных источников:

1. Пресс-служба Евразийской экономической комиссии
2. Сайт Евразийского экономического союза www.eaeunion.org
3. Сайт Евразийской экономической комиссии www.eurasiancommission.org
4. ЕАЭС к 2025: перспективы развития www.interaffairs.ru

УДК 327

АЛТАЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ


Джумадилова Гаухар Мухаметрахимовна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы

Үлкен Алтай- бұл «Алтай- біздің ортақ үйіміз» атты Халықаралық координациялық кеңесінің диалогы шеңберінде ынтымақтастықтың бірегей форматы қалыптасқан халықаралық ынтымақтастық және трансшекаралық аймағы болып табылады. Бұл үдеріс Алтайдың алты аймағының (ҚР Шығыс Қазақстан облысы, РФ Алтай Республикасы мен Алтай өлкесі және Монғолияның Баян-Өлгей мен Ховд аймақтары) сыртқы экономикалық қарым-қатынастарының дамуының арқасында ілгері жүріп отыр. Алтай аймағының экономикасының құрылымында сыртқы экономикалық қарым-қатынас маңызды орынға ие. Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы және Монғолия осы үдерісте біздің маңызды серіктестеріміз болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы үшін Ресей, Қытай және Монғолия- сыртқы сауда айналымы мен өндірістік қарым-қатынастардың ішінде ең перспективалы және шын мәнінде жемісті бағыттары болып келеді. Сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру мақсатында «Алтай» ХКК мүшелеріне Үкіметаралық екіжақты комиссия механизмін қолдану арқылы пайдалы қазбаларды игеруде, транспорттық және энергетикалық инфрақұрылымды, туризмді дамыту мен қоршаған ортаны қорғауда ынтымақтастықты одан әрі нығайту мүмкіндігін қолдануда.

2003 жылдан бері Қазақстан мен Алтай өңірі арасында тауар айналым 3 есе өсіп, 2012 жылы 571,9 млн. АҚШ долл. құрады; СУАР автономиясымен тауар айналым 13 есе өсіп, 199,4 млн АҚШ долл. құрады; Монғолияның Баян- Өлгий және Ховд аймақтарымен тауар айналым 1,8 есе өсіп 2012 жылдың қорытындысы бойынша 28,1 млн. АҚШ долл. құрады[1].



Сурет 1. ҚР Шығыс Қазақстан облысы мен Ресей арасындағы тауар айналым (млн долл). Ескерту: автормен құрастырылған

Суретте Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысы мен Ресей Федерациясы арасындағы тауар айналым көрсетілген. 2015 жылдың ақпан-қаңтар айларында Шығыс Қазақстан облысы мен Ресей арасындағы жалпы тауар айналым 15 076,9 млн АҚШ долларына тең болды. Оның ішінде 4 547,6 млн АҚШ долл. экспортты құрады, ал импорт 10 529,3 млн АҚШ долл. тең.

2016 жылдың ақпан-қаңтар аралығында ШҚО мен Ресей арасындағы жалпы тауар айналым 12 636 млн АҚШ долл. құрады. Экспорт 3 509,2 млн долл., ал импорт 9 129,8 млн АҚШ долл. тең болды[1]. 2015 жылдың ақпан.-қаңтар айы мен 2016 жылдың ұқсас мерзіміндегі көрсеткіштерін салыстырсақ, жалпы тауар айналым 16,2%-ға төмендеп кетті. Оның басты себебі: Ресей Федерациясына Батыс мемлекеттері санкция жариялағаннан кейін импортты алмастыру бағдарамасын жүзеге асырды және дағдарыстың күшеюі садарынан тауар айналымы төмендеп кетті. Шығыс Қазақстаннан экспортталатын тауар 22,9%-ға, ал импорт 13,3%-ға қысқарды. Ресей Федерациясы Шығыс Қазақстан облысының негізгі экономикалық серіктесі болып табылады. Қазақстанның жалпы тауар айналымында Ресей 20,4%-ды иеленеді.


Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасы негізгі, әрі маңызды сауда серіктесі болып табылады. Бұл тұжырымдаманы тек бүкіл ҚХР үшін емес, оның Шыңжаң автономиясына да қатысты айтуға болады. Бұл тұжырымдаманы дәлелдеу үшін 7-кесте берілді.

Кесте 6. ҚХР-ның Шыңжаң ауданының 20 негізгі сыртқы экономикалық серіктестері (млн долл)[2].

2012			2008		
Мемлекет	Көлемі	Орны	Мемлекет	Көлемі	Орны
Қазақстан	11.167	1	Қазақстан	9.071	1
Қырғызстан	4.039	2	Қырғызстан	7.973	2
Тәжікстан	1.407	3	Тәжікстан	1.254	3
АҚШ	1.020	4	Ресей	0.719	4
Өзбекстан	0.831	5	Әзірбайжан	0.446	5
Ресей	0.644	6	Өзбекстан	0.436	6


Малайзия	0.354	7	Пәкістан	0.412	7
Монғолия	0.344	8	АҚШ	0.224	8

Берілген кесте бойынша Қытай Халық Республикасы Шыңжаң автономиясының 2004-2012 жылдар бойынша 20 негізгі сыртқы сауда серіктестері көрсетілген. Байқағанымыздай, 2004, 2008 және 2012 жылдарда Қазақстан Шыңжаңның басты және негізгі сыртқы сауда серіктесі болып келеді. 2004 жылға тоқталатын болсақ, жалпы автономияның сауда көлемі 5,636 млн долл құрады. Оның ішінде Қазақстанмен сауда-саттық көлемі 3,286 млн долл тең болды, яғни осыдан біз Шыңжаңның жалпы сауда-саттық көлемінің 58,3%- ы Қазақстанға тиесілі екенің нақты айта аламыз. Ал 2008 жылы Шыңжаңның жалпы сауда көлемі 22,217 млн долл тең болды, оның ішінде Қазақстанмен сауда-саттық көлемі 9,071 млн долл құрады. 2004 жылмен салыстыратын болсақ, 2008 жылы сауда көлемінің үлесі 40,8%-ды құрады, яғни Шыңжаңның сауда-саттық көлемінің үлесінде Қазақстанның үлесі 30,1%-ға төмендеп кетті. Жалпы тауар көлемі 3,286 млн долл 9,071 млн долл өскенімен, жалпы үлесі 2004 жылмен салыстырғанда төмендеп кетті, ол Шыңжаң автономиясының Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-саттық қарым-қатынастарын нығайтқаның кестеден байқаса болады. 2012 жылы Шыңжаңның жалпы сауда көлемі 25,171 млн долл тең болды. Оның ішінде Қазақстанның үлесі- 11,167 млн долл құрады, яғни Шыңжаңның жалпы сауда көлемінің 44,3%-ын құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, Қазақстанның жалпы үлесі 3,8%-ға өсті. Енді 2004 жыл мен 2012 жылдағы тауар көлемдерін салыстыратын болсақ, 2004 жылы көрсеткіш 3,286 млн долл құрады, ал 2012 жылы 11,167 млн долл тең болды[3]. Егер Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық динамикасын байқайтын болсақ, онда 8 жылдың ішінде сауда көлемі 7,881млн долл өсті, яғни ол 70%-ды құрайды. Ол Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы сауда қарым-қатынастарының нығайғандығы мен дағдарыстың бәсеңдегенінің белгісі.



2-суретте Монғолияның 2014-2016 ж.ж. экспорттық көрсеткіші берілген. 2014 жылы жалпы экспорттың көлемі 5,774,330 мың АҚШ долл. құрады. Экспорттың 5,073,398 мың АҚШ долл. Қытайға тиесілі. Ол жалпы экспорттың 87.8%-на тең. Байқап отырғанымыздай, Монғолия үшін ҚХР негізгі және стратегиялық маңызды сауда серіктесі болып табылады. 2014 жылы Монғолиядан Ресейге экспортталған тауарлардың көлемі 61,607 мың АҚШ долл. құрады. Ол жалпы 2014 жылдың экспорттық көлемінің 1%-на тең. Мұндай төмен көрсеткіштің себебі- ортақ экономикалық аймақтың болмауы және ЕЭС шеңберіндегі кедендік салықтың жоғарлылығы. Қазақстан Монғолияның 2014 жылғы экспортының 4,855 мың АҚШ долл. құрады[5]. Ол жалпы экспорттың 0.08%-на тең. Мұндай төмен көрсеткіш ортақ шекараның болмауы және транспорттық жолдардың болмауы болып табылады. Монғолияның Қытай, Ресей және Қазақстанмен экспорттың көлемі 89%-на тең, яғни Монғолия үшін ҚХР, РФ және ҚР негізгі сауда-саттық серіктестері болып келеді. 2015 жылы экспорттың көлемі 4,669,280 мың долл. құрады. 2014 жылмен салыстырғанда экспорттың көлемі 20%-ға төмендеп кетті. Қытаймен экспорттық көлем 3,910,120 мың АҚШ долл. құрады, яғни 83%-ға тең болды[4]. 2014 жылмен салыстырғанда 4.8%-ға төмендеп кетті. Оның басты себебі- 2008 жылғы дағдарыстың екінші толқынның ұшығуы. 2015 жылы Монғолияның экспорттық көлемінде Ресей 76,871 мың АҚШ долл. Монғолиядан тауарларды


экспорттады. Ол жалпы экспорт көлемінің 1.6%-на тең болды. 2014 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда экспорттың көлемі 0.6%-ға өсті. 2015 жылы Қазақстан мен Моңғолия арасындағы экспорт 2,064 мың АҚШ долл. құрап, 2014 жылмен салыстырғанда екі есе төмендеп 0.04%-ды құрады. Моңғолияның 2016 жылғы экспорттық көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 6%-ға өсіп, 4,917,331 мың АҚШ долл. құрады. Қытаймен 2016 жылы экспорт 3,091,834 мың АҚШ долл. құрады. Ол жалпы экспорттық көлемнің 79%-н құрады. 2015 жылмен салыстырғанда 4%-ға төмендеп кетті. Оның себебі ретінде сарапшылар Моңғолияның ЕО елдерімен сауда қарым-қатынастарын нығайтқан деп атап кетеді. 2016 жылы Моңғолия мен Ресей арасындағы тауар айналым 55,790 мың долл. құрап, жалпы экспорттың 1.1%-на тең болды. Ол 2015 жылмен салыстырғанда 0.5%-ға төмен. Ал Қазақстанға 2016 жылы 709 мың АҚШ долл. тауар экспортталды, ол жалпы көлемнің 0.01%-на тең[6]. Бұл көрсеткіш өте төмен, жоғарыда айтылғандай оның басты себебі- ортақ шекаралық аймақтың жоқтығы. Үш жылдың ішіндегі Моңғолиядан экспортталатын тауарлардың динамикасын байқап қарасақ, тауар ағымдардың төмендеуін байқаса болады. Көрсеткіштер жыл сайын орташа есеппен 0.5%-ға төмендеген, яғни бұл дүниежүзілік дағдарыстың есебінен туындаған тенденция.



Сурет 3. Моңғолияның импорттық көрсеткіші (мың долл.). Ескерту: автормен құрастырылған

3-суретте Моңғолияның 2014-2016 ж.ж. аралығындағы импорттық көрсеткіші берілген. 2014 жылы жалпы импорт 5,236,667 мың АҚШ долл. құрады. ҚХР-дан 1,767,915 мың АҚШ долл. тауар импортталды, яғни ол жалпы импорттың 34%-н құрады. Бұл жерде экспорттық көрсеткішпен салыстыратын болсақ, РФ-тың үлесі Қытаймен тең болып келеді және жалпы импорттың 30%-на ие, яғни 1,549,318 мың АҚШ долл. тең. Импорттық көрсеткіш Қазақстанмен экспортпен салыстырсақ, әлдеқайда жоғары болып келеді. 2014 жылы жалпы импорттың 0.5%-на тең болды. 2014 жылдың импорттың үлесінде Қытай, Ресей және Қазақстан 64%-ды құрады. Байқап отырсақ, мұнда Моңғолия үшін Қытай мен Ресей импорттың 50%-нан астам тауарды импорттайды. 2015 жылы жалпы импорттың көрсеткіші 27%-ға төмендеп, 3,797,519 мың долл. құрады. Қытайдан 1,389,940 мың долл. тауар импорттады. Ол жалпы импорттың 37%-н құрады. 2014 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 3%-ға көтерілді. Ал Ресеймен импорт көрсеткіші 1,020,986 мың долл. тең болып, 27%-ды құрады. Алдыңғы жылмен сабымтыратын болсақ, көрсеткіш тек 3%-ға төмендеді. Қазақстаннан импортталатын тауар көрсеткіші 2015 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 0.3%-ға жоғарылап, 0.8%-ға тең болды, яғни 29,223 мың АҚШ долл. құрады. 2015 жылы импорттың жалпы көлемінде үш мемлекеттің үлесі 2014 жылғы көрсеткішпен бірдей болып, 64%-ға тең болды. 2016 жылы импорт 3,357,940 мың АҚШ долл. құрады. Импорт 2015 жылмен салыстырғанда 12%-төмендеді. ҚХР-мен импорттық көрсеткіш 1,060,919 мың долл. құрап, 31%-ға тең болды. 2015 жылмен салыстырғанда импорт 6%-ға төмендеді. Ресеймен импорттық көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда тек 1%-ға төмендеп, 27%-ды құрады, яғни 880,396 мың долл. тең болды. Қазақстаннан импортталған тауар 29,796 мың долл. тең болды және ол алдыңғы жылғы көрсеткішпен тең болып 0.8%-ды құрады. 2016 жылы үш мемлекеттің Моңғолияның импорттық көрсеткіші үлесінде 59%-ды құрады. Бұл көрсеткіш


2014 және 2015 жылмен салыстырғанда 5%-ға төмендеді. Жалпы байқап қарайтын болсақ, Моңғолияның жалпы импорттық көрсеткіші 2014 жылдан 2016 жыл аралығында төмендеп келеді, оның бірнеше факторы бар[6]. Оның ішінде ең маңыздысы- Моңғолияның нарығы шетел тауарларынан тәуелсіз болып келе жатыр және отандық өндіріс көлемінің артып келе жатқанның көрсеткіші.



Сурет 4. Алтай өңірі мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық қатынас (мың долл.). Ескерту: автормен құрастырылған

Алтай аймағындағы мемлекеттердің арасындағы тауар айналымды сипаттау үшін 4-сурет берілді. Суретте 2011-2016 жылдар арасындағы Ресейдің Алтай өңірі мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымы, экспорт және импорт көрсетілген. 2016 жылда Алтай өңірі мен Қытай арасындағы тауар айналым 135 462 мың АҚШ долл. құрады[7]. Графиктегі көрсеткіштерді байқап қарасақ, экономикалық көрсеткіштер 2016 жылы төмендегенін байқаймыз. Оның басты себебі- 2008 жылы басталған дағдарыстың екінші толқынның әсерінен орын алып отырған тенденция. Бірақ 2016 жылғы Алтай өңірінен Қытайға экспортталынатын тауардың көрсеткіші 2014 жылдан 696 мың АҚШ долл. кем, яғни ол тек 2%-ды құрайды. Алтай өңірі мен Қытай арасындағы негізгі экспорт пен импорттың көрсеткіштері 5- суретте көрсетілді.


Алтай өңірі үшін Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиясы негізгі аймақ-серіктес болып табылады. 1999 жылы 25 ақпанда РФ-ның Алтай өңірі Әкімшілігі мен ҚХР-дың Шыңжаң Ұйғыр автономиясының Халықтық Үкіметі арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылған. Екі аймақ арасында түрлі деңгейлердегі кездесулер өтіп тұрады және Алтай өңірінің кәсіпкерлері 1998 жылдан бастап Үрімші жәрмеңкесіне қатысып келеді.



Сурет 6. Алтай өңірі мен Монғолия арасындағы сауда-экономикалық қатынастар. Ескерту: автормен құрастырылған

6-суретте Алтай өңірі мен Монғолия арасындағы 2011-2015 жылдар бойынша экономикалық қарым-қатынастары сипатталады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша екі мемлекеттің арасындағы тауар айналым 18 240 мың АҚШ долл. құрады. Суретте байқап отырғанымыздай, Алтай өңірінен экспортталынатын тауардың көлемі импортпен салыстырғанда 98%-ға артық. Бұл жерде де Қытай Халық Республикасымен орын алған тенденция байқалады. Осыған қоса, ЕАЭС шеңберінде Ресей Федерациясының кедендік

салық мөлшері 20%-ды құрайды, яғни Монғолия тауарларын Ресейге тасымалдау тиімсіз болып келеді. Осының салдарынан 2013 жылдан кейінгі тауар айналым және экспорт 49%-ға төмендеп кетті[7]. Алтай өңірі мен Монғолия арасындағы экспорт мен импорт тауарларын көрсететін 7-сурет беріледі.



Сурет 7. Алтай өңірі мен Монғолия арасындағы экспорт және импорт көрсеткіштері. Ескерту: автормен құрастырылған

Екі мемлекеттің арасында Алтай өңірінің Монғолияның Ховд аймағындағы Өкілдігі маңызды рөлді атқарады. Өкілдіктің негізгі мақсаты- Алтай өңірі мен Монғолия арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды нығайту мен дамыту, ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету, мәдени қарым-қатынастарды дамыту, білім беру, спорт және денсаулық сақтау саласында ынтымақтастықты нығайту және Монғолияның батыс аймақтарымен қарым-қатынастарды орнату болып табылады.

Үлкен Алтай аймағындағы интеграциялық үдерістердің соңғы мақсаты алты аймақтың территорияларын қамтитын макроэкономикалық аймақ жасау болып табылады.

Бұл аймақта ынтымақтастық үдерісі тек 2000 жылдардың басында басталды. Әрине бұл уақыт аралығында интеграцияның тиімді жақтарын толық пайдалануға мүмкіндік болмайды. Оған қарамастан, Үлкен Алтай аймағына шекаралас алты субъектінің жасап жатқан қадамдарының нәтижесін бүгінгі таңда байқаса болады.

Қорытындылай келе Үлкен Алтай аймағындағы интеграциялық үдерістердің негізгі мәселелерін көрсетіп кетейік:

1. Аймақтардың экономикалық-әлеуметтік дамуы төмен болып келеді. Бұл жағдайда мәселені ынталандырушы фактор ретінде де қарастырса болады.
2. Институционалды жағынан аймақ дамымаған. Бұл ынтымақтастықтың дамуының негізгі кедергі келтіруші факторы болып табылады. Бірақ бұл мәселені шешу үшін ұзақ уақыт қажет. Және жергілікті билік органдарына белгілі бір билік құзыреттері өтуі қажет.
3. Интеграцияға деген аймақтардың көзқарастарының түрлілігі. Егер Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы үшін Үлкен Алтай аймағы сауда орталығы және жәрмеңке өткізетін платформа болса, Алтай өңірі мен Алтай Республикалары үшін Алтай аймағы саяси кеңістік ретінде қарастырылады. Шығыс Қазақстан облысы тарихи тұрғыдан ынтымақтасуға көңіл бөледі (Монғолия, Ресей және Шыыжаңдағы қазақтар).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.altairegion22.ru>
2. Сичжоу чжи лу цзинци дай фачжань баогао. 2014- Бейжін: Чжунго цзинци чубаньшэ, 2014.
3. Xinjiang Statistical Yearbook 2016
4. China Statistical Yearbook 2016
5. <http://www.khovd.gov.mn>
6. <http://www.bayan-olgi.gov.mn>
7. <http://www.altai-republic.ru>